құқықтарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады. Қоғамның мемлекеттік инвестициялар пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Геология, геология және табиғи несурстар министрлігі (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады;

«Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» заңды органдар бірлестігі.

5. Қоғам қызметінің мақсаты мен түрлері

16. Қоғам қызметінің мақсаты технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнесті және инвестицияларды дамыту, экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне және Орталық Азияның ортақты экологиялық бағдарланған әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шараларын камтамасыз ету жолымен әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, басқарушылық мақсаттарына қол жеткізу болып табылады.

17. Қоғам қызметінің негізгі мәні Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне:

технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету;

бизнесті және инвестицияларды дамыту;

2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму жөніндегі конференциясына қатысушы мемлекеттер қабылдаған «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы жәрдемдесу болып табылады.

18. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қоршаған ортаға катысты консультациялық қызметтер;

2) халықаралық қызмет;

3) жасыл технологиялар саласындағы перспективалы жобалардың маркетингі, олардың бәсекеге қабілеттілігін талдау;

4) шетелдік озық жасыл технологиялар трансферті және оларды Қазақстан Республикасында енгізу;

5) стартап-компанияларды дамытуға және акселерациялауға жәрдемдесу, технологиялық бизнес-инкубациялау, зияткерлік меншік объектілерін пайдалану бойынша лицензиялық келісімдер жасасу, басқа да байланысқан қызметтерді ұсыну арқылы жасыл технологиялар саласындағы ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және жылжыту;

6) ғылыми-техникалық қызмет, технологиялар мен ноу-хау нәтижелерін тәжірибелерді ілгерілету және енгізілгенге дейін жеткізу жөніндегі қызметтер;

7) жасыл технологиялар мен үздік тәжірибелерді нарыққа шығару үшін қолайлы инновациялық экожүйе мен әріптестік желі құру;

8) жасыл технологиялар мен үздік тәжірибелерді енгізу үшін отандық және шетелдік инвестицияларды, даму институттарының гранттары мен қаржы құралдарын тарту;

9) ең озық қолжетімді технологияларды енгізу үшін технологиялық аудит жүргізу;

10) жасыл технологиялар саласындағы жобаларды сараптамалық бағамдау, технологиялар мен жобаларға технологиялық және экономикалық сараптамалық бағалау жүргізу;

11) жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде консультациялық, ақпараттық, заңдық, білім беру және өзге де қызметтер көрсету;

12) басқа санаттарға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет.

6. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

19. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарға ие болады және міндеттерді атқарады.

20. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қоғамның:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктер мен басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютада да, шетел валютасында да заңдарда белгіленген тәртіппен есеп айырысуға және басқа да шоттар ашуға;

2) қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдерінде Қоғамның толық атауы бар мөрлері, мөртабандары және бланкілері болуына;

3) өзінің тауар таңбасы, жалауы, логотипі мен рәмізі, сондай-ақ үлгілері белгіленген тәртіппен тіркелетін басқа да дараландыру құралдары болуына;

4) меншігінде оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуына;

5) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға, қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хауды» және басқа да ақпаратты иелену мен оларды пайдалану құқықтарын сатып алуға және беруге;

6) мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өзінің қаржылық тәуекелдерін сақтандыруға;

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғаларды құруға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға;

8) орналасқан жерден тыс орналасқан филиалдар мен өкілдіктер ашуға, оларға мүлік беруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындауға;

9) қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;

- 10) осы Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражатын пайдалануға;
 - 11) сотта талапкер және жауапкер болуға;
 - 12) өз акциялары бойынша дивидендтер есептемеуге және төлемеуге;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілгер болуға, Қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасында қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға;
 - 14) өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлердің еңбегіне ақы берумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, Қоғамның әлеуметтік жұмысымен, кадрларды іріктеуді, орналастыруды, даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырумен байланысты барлық мәселелерді шешуіне;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға;
 - 16) ішкі құжаттаманы, оның ішінде нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге және бекітуге;
 - 17) Қоғамның жарғылық мақсаттарына сай кәсіпкерлік қызметпен ғана айналысуға;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де заңдықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
21. Қоғам:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
 - 2) белгіленген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
 - 3) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруге;
 - 4) өзінің қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жасауға;
 - 5) кәсіпкерлік қызмет бойынша кірістер мен шығыстардың есебін жүргізуге;
 - 6) қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
 - 7) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тәртіпке сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға;
 - 8) жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілік алуға міндетті.
22. Қоғам, оның ішінде «Жасыл көпір» Әріптестік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен акционерлік қоғамдарды, өзге де шаруашылық серіктестіктерді, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

7. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

23. Қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

24. Акционерлердің:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға;
- 3) Қоғам құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты сауал алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей алуға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан олардың Қоғам акцияларына меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуін және осы мәмілелер жасасу (жасауға ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде Қоғамның лауазымды тұлғалары алған пайданы Қоғамға қайтаруын талап етіп жүтуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүтуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 9) Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларын қосымдықпен сатып алуға;
- 11) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға;
- 12) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 13) өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға құқығы бар.

25. Акционерлер:

- 1) акциялар ақысын төлеуге;
 - 2) 10 (он) жұмыс күні ішінде орталық депозитарийді және (немесе) акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да мағлұматтармен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.
- Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) Қоғамның номиналды ұстаушысы акционердің Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

8. Қоғам мүлкі

26. Қоғамның мүлкі Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі.
27. Қоғам құрған филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамға меншік құқығымен тиесілі.
28. Заң актілеріне сәйкес ақшалай және өзге де нысандарда Қоғам мүлкін қалыптастыру көздері мыналар болып табылады:
 - 1) Қоғамның сатып алған акциялары үшін төлем ретінде жарғылық капиталға акционерлер (құрылтайшылар, инвесторлар) енгізген ақша қаражаты және өзге де мүлік;
 - 2) акционерлерден түсетін түсімдер;
 - 3) ерікті мүліктік жарналар;
 - 4) Қоғамның жарғылық мақсаттарына сай кәсіпкерлік қызметтен түсетін түсімдер (табыс);
 - 5) акциялар, облигациялар, Қоғам бағалы қағаздар нарығында сатып алынған басқа да бағалы қағаздар, сондай-ақ Қоғамның жарғылық мақсаттарына сәйкес келген жағдайда, орналастырылған салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));
 - 6) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да түсімдер.
29. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтпай акционерлерден жарғылық және өзге де қаражаттың түсу тәртібін Қоғамның директорлар кеңесі айқындайды.

9. Қоғамның жарғылық капиталы

30. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін қалыптасады және Қоғам құрылтайшысының акцияларды олардың номиналды құны бойынша төлеуі арқылы және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және осы Жарғының талаптарына

сәйкес белгіленетін орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады.

31. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін.

10. Қоғамның акциялары

32. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында жай акциялар ғана шығаруға құқылы, оның кірістері Қоғамның дамуына пайдаланылады.

33. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Жай акцияларды шығару шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

34. Жай акция акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді.

35. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

36. Жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (сату) туралы, оның ішінде Қоғамның орналастырылатын (сататын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

37. Қоғам өз акцияларын оның шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

38. Орналастырылатын акциялар төлеміне, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүлдік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлдік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлдікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

39. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асырады.

40. Қоғам өзі орналастырған акцияларды мынадай жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады:

- 1) кепілге берілетін акциялар толық төленген болса;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны, Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын болса;
- 3) егер осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаған болса.

11. Қоғам органдары

41. Қоғамның органдары:

- | | |
|-------------------|----------------------------------|
| 1) жоғары орган | - Акционерлердің жалпы жиналысы; |
| 2) басқару органы | - Директорлар кеңесі; |
| 3) атқарушы орган | - Басқарма. |

42. Қоғамда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ішкі аудит қызметі, сондай-ақ өзге де органдар құрылуы мүмкін.

43. Қоғамды басқару барысында туындайтын қатынастар, соның ішінде Қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, Қоғам органдары, Қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік басқару кодексімен және өзге де ішкі құжаттармен реттеледі.

44. Акционерлер Қоғамға толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.

45. Қоғам мен акционерлердің өзара қарым-қатынасы осы Жарғыда көрсетілген акционерлердің өкілеттігімен айқындалады. Бұл ретте акционерлердің қоғамның қызметіне әсері Қоғамның Директорлар кеңесіндегі өз функцияларын жүзеге асыру және өкілдік ету арқылы корпоративтік басқару шеңберімен шектеледі.

Қоғам, акционерлер және мүдделі тұлғалар арасындағы мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде коммерциялық негізде және Қоғамның жарғылық мақсаттарына сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

46. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағына сәйкес, уәкілетті орган Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша шешім қабылданатын келесі мәселелерді қоспағанда, акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруі;
- 3) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу; қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруі;
- 3) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;
- 4) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) «алтын акцияны» енгізу және жою;

7) қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

12. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті

47. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа акцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертудің өзгертулер мен толықтырулар;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

9) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын айқындау;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

13) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

14) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

15) нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы

мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау күнгі Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сарайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту.

17) шешімін қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

48. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде ештеңе көзделмесе, шешімін қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

49. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін қоғамның өзге органдарының шешімінің күшін жоюға құқылы.

50. Қазақстан Республикасының заңдарымен және/немесе осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Акционерлердің жалпы жиналысы дербес қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

51. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды кезінде, мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

52. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

53. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

54. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат акционердің өкілі болып табыла ма және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табыла ма дегені көрсетілуі тиіс.

55. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдері көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

13. Акционерлердің жалпы жиналысы

56. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады.
57. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі.
58. Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) айдан кешіктірмей өткізіледі.
59. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.
60. Қоғам акционерлерінің барлық жиналыстары, жылдығынан басқасы, оннан тыс болып табылады.
61. Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
62. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Қоғам акционерінің бастамасы бойынша шақырылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.
63. Акционерлердің жалпы жиналысына өздеріне тиесілі акцияларды иеленушілер төлеген акционерлер ғана қатыса алады және дауыс бере алады. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің деректері негізінде Қоғамның орталық депозитарийі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленеді.
64. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты және егжей-тегжейлі тұжырымы мен тізбесін көрсетіп қалыптастырады. Жиналыстың күн тәртібін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыстағы Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі.
65. Хабарламада (мәлімдемеле, хабарда) көрсетілген Жалпы жиналыстың күн тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей Қоғамның басқа акционеріне міндетті түрде хабарлана отырып, Директорлар кеңесінің немесе акционердің ұсынысы бойынша толықтырылуы мүмкін.
66. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысқа қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан пайы және одан да көп процентін иеленетін акционерлердің (немесе осындай акционерлер өкілдерінің) шешімі бойынша өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.
67. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде, сондай-ақ Қоғам акционерлердің қайталама жиналысын шақырмай қалған жиналыстың орнына) өткізген кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіледі және/немесе толықтырыла алмайды.

68. Акционерлердің жалпы жиналысы Жиналыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

69. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

70. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

71. Акционерлерге Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлауды Қоғам оны өткізу күніне дейін 30 (отыз) күнгізбелік күннен кешіктірмей, тапсырылғаны хабарланатын тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште жазбаша хабарлама, телефонограмма немесе жеделхат жіберу арқылы, сондай-ақ хабарламаның тіркелуін камтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырады. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның мазмұны «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

72. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін, келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі заңнама талаптарына сәйкес ресімделген, оның қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге міндетті. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес. Акционерлердің жалпы жиналысының Жалпы жиналысқа қатысып отырғандар мен тіркелгендер санының жай көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша, жиналыс жұмысына Қоғамның акционерлері болып табылмайтын өзге де тұлғалар қатыса алады. Акционерлердің жалпы жиналысында мұндай тұлғаларға сөз сөйлеу құқығы Жалпы жиналыстың шешімі бойынша беріледі. Осы ереже Жалпы жиналыстың жұмысына Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша акционерлерге қажетті ақпарат пен қосымша материалдар беру мақсатында қатысатын Қоғам қызметкерлеріне қолданылмайды.

73. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде Қоғам акционерлерінің тізіміне енгізілген және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін (жиналыс өткізу кезінде дауыс беру құқығы бар) акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (осындай акционерлердің өкілдері) күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

74. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен ұсынылған және Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

75. Егер Жалпы жиналысқа қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында 40 (қырық) және одан да көп бөлігін иеленетін (жиналыс өткізу кезінде дауыс беру құқығы бар) акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, болмай калған Акционерлердің жалпы жиналысы орнына шақырылған Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы заңды болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.

76. Қоғам Акционерлерінің қайталама жалпы жиналысы бұрын өткізілмеген жиналыстың өткен орны бойынша бастапқы жиналыс өткізілген күннен кейінгі келесі күннен ерте емес мерзімде өткізіледі. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабардар етілген және жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

78. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды. Жалпы жиналыстың хатшысы Есеп комиссиясының функцияларын және Жалпы жиналыста дауыстарды санауды жүзеге асырады. Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. Басқарма мүшелері Жалпы жиналыс хатшысының функцияларын жүзеге асыра алмайды. Жалпы жиналыстың хатшысы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

79. Акционерлердің жалпы жиналысының талқылауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес олар бойынша шешім қабылдау үшін білікті көпшілік дауыстар қажет болатын мәселелерді қоспағанда, оған қатысып отырған акционерлердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстардың білікті көпшілігі осы Жарғының 51-тармағының 1), 10) және 16) тармақшаларында көзделген акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін де талап етіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен келіспеген жағдайда акционер осы акционердің ерекше пікірін талап етуге құқылы, ал хатшы хаттамаға енгізуге міндетті.

15. Акционерлердің жалпы жиналысында өкілдік ету

80. Акционер Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар. Қоғамның лауазымды тұлғаларының Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқығы жоқ.

81. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

16. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

82. Мынадай жағдайларды қоспағанда, Қоғамның әрбір акционері жалпы жиналыста «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, бір акционерге берілген акциялар бойынша ең жоғары дауыс санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір акционерге Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

83. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру ашық тәсілмен және бюллетеньдер бойынша жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.

84. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің іштей жалпы жиналысына қатысып отырған Қоғам акционерлерінің келу дауысымен (аралас дауыс беру) немесе Қоғам акционерлерінің іштей жалпы жиналысының мәжілісін өткізбестен қолданылуы мүмкін.

85. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Қоғам пошта байланысы құралдарын пайдалана отырып, Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің деректері негізінде жасалған акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдерді таратуға міндетті.

86. Сырттай дауыс беру бюллетені акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі тиіс:

1) пошта байланысы құралдарын пайдалану кезінде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) хабарламаны электрондық тәсілмен жіберген немесе оны қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырған кезде –

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей.

87. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер пайдаланылуы тиіс;

2) дауыс беру бюллетенінде мыналар қамтылуы тиіс:

Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

сырттай дауыс беру бюллетенін берудің соңғы күні;

жиналыс шақырылған жағдайда оны өткізу күні не Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей дауыстарды санау күні;

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;

дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша «Қолдағандар», «Қарсы», «Қалыс қалғандар» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;

күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіру;

сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөндері, сондай-ақ егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, осы Жарғыда көзделген кандидаттар туралы ақпарат.

88. Дауыс беруші акционердің не дауыс беруші акционер – заңды тұлға басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ акционер – заңды тұлғаның мөрі басылмаған сырттай дауыс беру бюллетені жарамсыз деп есептеледі. Сырттай және/немесе іштей жасырын дауыс беру бюллетеньдері бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс беруші бюллетенде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтап, дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі.

89. Дауыс беруге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу сәтінде не шешімдер Акционерлердің іштей жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қабылданатын дауыстарды санау күнгі Қоғам алған бюллетеньдер қатысады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда, сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер жарамды болып табылады.

90. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы немесе Акционерлердің жалпы жиналысында дауыстарды санауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасап, оған қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін дауыс беру бюллетеньдеріне мөр қойылып, Қоғамның архивіне сақтауға тапсырылады. Акционерлердің дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі және Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 10 (он) күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

91. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

17. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

92. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ресімделіп, қол қойылады және онда мыналар қамтылуға тиіс:

Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, орны және уақыты;

Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәлімет;

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы туралы деректер;

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөйлеген сөздері;

дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

93. Хаттамаға Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыстарды санауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға қол қояды.

94. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беру, сондай-ақ Хаттамаға қол қою құқығына арналған сенімхаттармен және Хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар хаттамалар кітабына тігіледі, оларды Басқарма сақтайды және Қоғамның коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып, танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта береді. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының Хаттамасының көшірмесі беріледі.

18. Директорлар кеңесі

95. Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

96. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының

сында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне
 қандай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын, әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің сметтерін (заттай нормаларын), Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспары мен бюджетін әзірлеу, келісу, бекіту, орындау мониторингі, түзету шартдаларын бекіту;
- 4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды жоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 7) Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын құру және айқындау, комитеттердің өкілеттік мерзімін айқындау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасын, Басқарма төрағасының орынбасарларын, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғамның Басқарма төрағасы мен төраға орынбасарларының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын (мүшелерін) тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 12) ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 14) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) Директорлар кеңесі шешімдері бойынша қабылдайтын акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын мәселелер тізбесін бекіту;

16) Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

17) Директорлар Кеңесі бекіткен ішкі құжаттармен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған шешімдерді қабылдау;

18) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

19) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

20) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

21) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

22) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

23) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

24) Қоғамға тиесілі барлық активтердің оннан бастап жиырма бес процентін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

25) Қоғамның Есеп саясаты мен Салықтық есеп саясатын бекіту;

26) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

27) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау;

28) Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

29) Басқарма төрағасының, Басқарма төрағасы орынбасарларының, Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақыларының схемасын, сондай-ақ еңбекақы төлеу және оларды әлеуметтік қолдау қағидаларын бекіту;

30) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Жарғыда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Тізбесі Жарғының осы тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін беріле алмайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша

шешімдер қабылдау рәсімі Акционерлердің жалпы жиналысында айқындалады.

97. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

98. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен Акционерлердің жалпы жиналысы деңгейінде максимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде қызметін теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

99. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда мынадай мәселелерді қарастыратын Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер.

100. Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы Жарғының 103-тармағында санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

101. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

19. Директорлар кеңесін сайлау

102. Қоғамның Директорлар кеңесі Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасынан және мүшелерінен тұрады.

103. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

104. Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

105. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

106. Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы

Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

107. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар және Директорлар кеңесінің мүшесі Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның мүддесінде жалпы Директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, жағымды жетістіктері мен іскерлік және салалық ортада мінсіз беделі болуы тиіс.

108. Директорлар кеңесінің мүшелері өз функционалдық міндеттерін адал орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

1) өз өкілеттігі шегінде әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ осы Жарғыда бекітілген өз өкілеттіктері шегінде шешімдер қабылдайды және әрекет етеді;

2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысу үшін және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу;

3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету – Директорлар кеңесінің мүшелері барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғам мүддесінде әрекет етеді;

4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын қолдау – Директорлар кеңесінің мүшелері өз іс-әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік әдептің жоғары стандарттарына сай болады және Қоғам қызметкерлері үшін үлгі болады;

5) мүдделер қақтығысын жасамау – Директорлар кеңесінің мүшелері жеке мүдделілігі Директорлар кеңесі мүшесі ретіндегі оның міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді. Шешімдерді бейтарап қабылдауға әсер ететін немесе ықтимал әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстары бар жағдайлар туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды. Осы талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін басқа да іс-әрекеттеріне де қатысты;

6) тиісті саналылықпен, білігімен және сақтықпен әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреттілігі және заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, тұрақты даму, Қоғамның қызмет саласы мен ерекшелігін білу сияқты бағыттарды қоса алғанда, Директорлар кеңесі мен комитеттерде өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімін тұрақты негізде арттырып отырады.

109. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 6 (алты) адамды құрауы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамындағы директорлардың кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

110. Мынадай тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) заң актілерінде белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған

оттылығы бар болса;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын өзге де талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Акционерлердің жалпы жиналысы бекітетін Директорлар кеңесі туралы ережемен белгіленеді.

20. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

111. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

112. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

113. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

114. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

115. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталысымен бір мезгілде аяқталады.

116. Директорлар кеңесі мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірінің енгізілуін талап етуге;
- 3) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 4) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

5) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты алуға;

6) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

7) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеуді алу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

117. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған талаптарды, адамгершілік қағидаттарды және акционерлер мен жалпы Қоғам мүддесіндегі іскерлік әдеп қағидаларын сақтай отырып, адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

2) Егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты өзіне белгілі болған Қоғам туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға, оның ішінде Қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтауға;

3) Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға;

4) өзінің болмауының себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге;

5) Директорлар кеңесіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде нәтижесінде өзінің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болуын тоқтататын мән-жайлардың өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

21. Директорлар кеңесінің төрағасы

118. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Акционерлердің жалпы жиналысы кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

119. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және жүргізеді;

3) Қоғам атынан Қоғамның Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады;

4) жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысын Директорлар кеңесінің қызметі туралы хабардар етеді;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар Кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне қызметке кірісу бағдарламасының берілуін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

120. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

22. Директорлар кеңесінің отырысы

121. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

122. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

123. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

124. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырыла отырып өткізіледі.

125. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

Ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мәселесі қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуға тиіс.

126. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысы бекітетін Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

127. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

128. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе отырыста төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

129. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

130. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

131. Директорлар кеңесінің мүшесі оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы Директорлар кеңесінің төрағасын немесе корпоративтік хатшыны алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

132. Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі жазбаша хабарлама жіберу арқылы білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын ұстанымы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворум мен дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыс хаттамасына тігіледі, онда Директорлар кеңесінің осы мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің

мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынуы тиіс.

Егер бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

133. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы мүмкін.

Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен (аралас дауыс беруімен) қатар не Директорлар кеңесінің отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

134. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қоса берілген материалдар бар сырттай дауыс беру бюллетені, егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзге мерзімдер көзделмесе, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

135. Сырттай дауыс беру бюллетенінде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетеньдерін берудің соңғы күні;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Басқарма мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттар туралы мәліметтер;
- 7) дауыс беру өткізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «ҚОЛДАҒАНДАР», «ҚАРСЫ», «ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

136. Сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс.

Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтап, дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі.

137. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім қабылданған болып танылады.

138. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюға тиіс.

139. Іштей тәртіппен өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасалып, оған отырысқа төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы кол қоюы тиіс және онда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

140. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

141. Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

142. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

143. Акционер, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

23. Басқарма

144. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма төрағасынан, Басқарма төрағасының орынбасарларынан және Қоғам Басқармасының мүшелерінен тұратын алқалы атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

145. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

146. Басқарма төрағасын, төрағаның орынбасарларын және Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын

тоқтату осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

147. Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

148. Басқарма мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде адал әрекет етуге және Қоғам мен Қоғам акционерлерінің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді қолдануға тиіс.

149. Басқарма мүшелері:

1) Басқарма құрамында әрекет ете отырып, Қоғамның ағымдағы қызметін басқару жөніндегі мәселелерді шешуге;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, Қоғамның құрылтай, есептік, қаржылық, шарттық және басқа да құжаттарымен және материалдарымен, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті аудиторлық қорытындылармен танысуға;

3) жоғарыда аталған құжаттардың және Басқарма отырыстары хаттамаларының көшірмелерін алуға;

4) Басқарманың жұмыс жоспарына және Басқарма отырысының күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ Басқарманың жоспардан тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;

5) Басқарма шешімдерімен өзінің келіспеуін жазбаша түрде білдіруге және оны Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Басқарма туралы ережемен берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

150. Басқарма мүшелері:

1) Басқарма отырыстарына қатысуға;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

3) Қоғам мүддесінде әрекет етуге, Қоғамға қатысты өз құқықтарын жүзеге асыруға және міндеттерін адал және саналы орындауға;

4) Қоғам туралы коммерциялық және өзге де құпия ақпаратты жария етпеуге;

5) өзінің ережесі мен Қоғамның қызметі туралы алынған ақпаратты жеке мүддесінде пайдаланбауға, өзінің ережесі мен өзінде бар ақпаратты Қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, басқа тұлғалардың пайдалануына жол бермеуге міндетті.

151. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ Қоғаммен арада жасалатын еңбек шарттарымен айқындалады. Басқарма төрағасымен Қоғам атынан жасалатын еңбек шартына

Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарына Қоғамның Басқарма төрағасы қол қояды.

152. Басқарма мүшелеріне:

1) Директорлар кеңесінің келісімінсіз Қоғаммен арада одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т. б. шарттарын) жасасуға;

2) Қоғамның өзінен де, үшінші тұлғалардан да Қоғамның үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) Қоғаммен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе мүддесін білдіруге;

4) Қоғам қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

153. Осы Жарғының 152-тармағында көзделген шектеулер Басқарма мүшесінің және оның жұбайының (зайыбының) жұбайына (зайыбына), жақын туыстары мен жекжаттарына да қолданылады.

154. Акционерлердің жалпы жиналысы Басқарма мүшесінің Қоғамға оның немесе оның аталған туыстарының осы Жарғының 152 және 153-тармақтарында көзделген тыйымдарды бұзуынан келтірілген залалдарды Қоғамға сот тәртібімен өтеуі туралы шешім шығаруға құқылы.

24. Басқарманың құзыреті

155. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) Қоғамның орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының, қоғамның даму стратегиясының жобасын әзірлейді және директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;

4) Қоғамның орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметінің жоспары шеңберінде Қоғамның тиісті қаржы жылына арналған бюджетін бекітеді;

5) Қоғамның орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметінің Директорлар Кеңесі бекіткен жоспарын ескере отырып, Қоғам қызметкерлерінің штат кестесін бекітеді;

6) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

7) Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлейді және тәуекелдерді азайту бойынша тиісті шаралар қабылдайды, сондай-ақ Қоғамның нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару бойынша есептердің уақтылы дайындалуын қамтамасыз етеді;

8) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын, қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарының жоспарын іске асыру туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

9) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындайды;

10) Қоғамның қаржылық жағдайының жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

11) әрбір тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін талдайды және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар береді;

12) ақпараттың сақталуын және Қоғам туралы құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді;

13) мәселелерді алдын ала қарайды және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 10 (он) пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдайды;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

156. Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның қызметі туралы ақпараттың, сондай-ақ қажетті түсініктемелер мен ережелердің сауал алынған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

157. Басқарма Директорлар кеңесін Қоғам бюджеті шеңберінде өз функцияларын толыққанды орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

25. Басқарма қызметінің тәртібі

158. Басқарма отырыстары Басқарма төрағасының немесе Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бастамасы бойынша шақырылады.

Басқарма мүшелері Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын ала ақпарат алады.

159. Басқарма өз отырыстарын іштей дауыс беру нысанында өткізеді. Сырттай дауыс беру нысаны ерекше жағдайларда Басқарма төрағасының шешімі бойынша рұқсат етіледі.

160. Басқарма отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады. Басқарма шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс

беру кезінде Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

161. Басқарма отырысында осы отырысқа қатысатын барлық Басқарма мүшелері қол қоятын хаттамалар жүргізіледі. Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді Басқарма хатшысы қамтамасыз етеді.

Басқарма қызметінің тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

26. Басқарма төрағасының өкілеттігі

162. Басқарма жұмысына тікелей басшылықты Басқарма төрағасы - Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайтын басшы жүзеге асырады.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

163. Басқарма төрағасы өз құзыреті шегінде:

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді;
- 5) Басқарма мүшелері, аппарат басшысы (бар болса) арасында міндеттерді, өкілеттілік аясын және жауапкершілікті бөледі, құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік етеді;
- 6) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін орындауды Қоғамның Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді, шарттар жасасады;
- 8) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- 9) Қоғам қызметкерлерін (Қоғам Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды, басқа қызметке ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;
- 10) Қоғам қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 11) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Қоғамның Корпоративтік хатшысы қызметінің құрамына кіретін

қызметкерлерді қоспағанда, еңбекақы төлеу қоры шегінде Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

13) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

14) банктерде шоттар ашады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуін және қаржылық есептіліктің жасалуын ұйымдастырады;

15) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда орналастырылуын ұйымдастырады;

16) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

17) корпоративтік жанжалдарды реттеу жөніндегі жұмысқа қатысады және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады;

18) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйыммен шарт жасасады;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауап береді;

20) осы Жарғыда және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

164. Қоғамның Басқарма төрағасының шешім қабылдауы бұйрықтар шығару арқылы жүзеге асырылады.

165. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

27. Ішкі аудит қызметі

166. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ережеге сәйкес әрекет ететін Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

28. Корпоративтік хатшы

167. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындаған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін дайындауды және өткізуді бақылайтын, Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің мәселелері бойынша материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды

қамтамасыз ететін, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізетін акционерлік қоғамның қызметкері.

168. Корпоративтік хатшы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді жүзеге асырады, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі хатшысының функцияларын орындайды;

3) Директорлар кеңесі төрағасының пікірін ескере отырып, тиісті жылға арналған отырыстарды өткізу кестесімен Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының жобасын әзірлейді;

4) отырыстарды өткізу нысаны бойынша ұсыныспен Директорлар кеңесі отырыстары күн тәртібінің жобаларын дайындауды және оларды Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынуды жүзеге асырады;

5) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты орналастырады;

6) мыналарды қамтамасыз етеді:

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген Қоғам туралы ақпаратты сақтау және ашу (беру) тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау;

Корпоративтік басқару кодексінің жобаларын, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Корпоративтік хатшы туралы ережелерді әзірлеу;

Қоғамның жылдық есебін дайындауға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды орындайды.

29. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің жалпы қағидағтары

169. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері, соның ішінде төраға, Басқарма мүшелері, соның ішінде Қоғамның Басқарма төрағасы):

1) корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын болдырмай, Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысының мүдделерінде өздеріне жүктелген міндеттерді адал және саналы, тиісті қамқорлықпен және сақтықпен орындайды;

2) өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңдарының, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына, этикалық стандарттарға және жалпы қабылданған іскерлік әдеп нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның мүлкі мен активтерін пайдаланбауға немесе оларды Қоғамның Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдалануға жол бермеуге және мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануға жол бермеуге тиіс;

4) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, менеджмент жүйесінің, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;

6) өзіне қатысты да, басқаларына қатысты да корпоративтік жанжал туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеуге міндетті;

7) корпоративтік жанжал туындаған жағдайда, корпоративтік хатшыны уақтылы хабардар етеді;

8) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтайды, оның ішінде Қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтайды.

170. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін және соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, мыналардың нәтижесінде Қоғамға келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу.

30. Есепке алу және есептілік

171. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның меншікті қаражаты мен активтері бойынша бөлек жүзеге асырылады.

172. Қоғам бухгалтерлік есепте және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есебін және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға тиіс негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

173. Басқарма белгіленген тәртіппен жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы

заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту үшін ұсынады.

174. Қаржылық есептіліктен басқа, Қоғам Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысына аудитордың ұсынымдарын қоса алғанда, аудиторлық есепті (басшылыққа хат) ұсынады.

31. Қоғамның аудиті

175. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

176. Қоғамның жыл сайынғы аудиті қаржы жылының қорытындылары бойынша ол аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі.

177. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен не акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Қоғамның акционері аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті. Басқарма берілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

178. Егер Қоғам Басқармасы Қоғамның аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

32. Қоғамның ақпаратты жария етуі

179. Қоғам акционердің назарына, оның жазбаша сұрау салуы бойынша, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде акционердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жеткізеді. Акционердің өтініші журналда немесе Қоғамның кіріс/шығыс құжаттарын есепке алудың тиісті жүйесінде тіркелуі тиіс.

180. Акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну және оның тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат акционерлерге Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

181. Қоғамның ақпаратты жария етуі оны Қоғамның интернет-ресурсына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына корпоративтік оқиғалар,

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептер туралы ақпарат, сондай-ақ басқа да ақпарат уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылады.

182. Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа не Қоғам қызметкерлері тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

183. Акционердің оған осы Жарғыда көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін беру туралы сұрау салуы бойынша Қоғам сұрау салуды алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмейтін мерзімде сұрау салынған ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

184. Қоғам оның қызметіне қатысты Қоғамның құжаттарын Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға тиіс. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттар сақталуға тиіс. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

33. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

185. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

186. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

**Акционерлердің жалпы жиналысы
уәкілеттік берген тұлға**



Р. Жошыбаев

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы.

Екі мың он тоғызыншы жылдың үшінші қыркүйегі.

Мен, Алкабаева Бижамал Тимировна, Нұр-Сұлтан қаласының нотариаттық округінің нотариусы (№ 0002092 мемлекеттік лицензиясы 20.01.2005 жылы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен берілген), менің қатысуыммен «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген тұлғасы Жошыбаев Рапиль Сейтханович қол қойған қолдың түпнұсқасы дұрыс екендігін куәландырамын. «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» акционерлік қоғамының құқық қабілеттілігі және оның өкілінің өкілеттілігі тексерілді. Қол қоюшының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 935 тіркелген

78 теңге өндірілді

Нотариус



Алқабая

Аржақ бетке қараңыз/Смотрите на обороте

Республика Казахстан, город Нур-Султан.
Третье сентября две тысячи девятнадцатого года.

Я, Алкабаева Бижамал Тимировна, нотариус нотариального округа города Астаны (Государственная лицензия № 0002092 выдана 20.01.2005 года Министерством юстиции Республики Казахстан), свидетельствую подлинность подписи лица, уполномоченного общим собранием акционеров некоммерческого акционерного общества «Международный центр зеленых технологий и инвестиционных проектов» Жошыбаева Рашиля Сейтхановича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Некоммерческого акционерного общества «Международный центр зеленых технологий и инвестиционных проектов» проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 935

Выдано: 2778 тенге

Нотариус



Alkaabaeva Bishamal Timirovna

Прошито и пронумеровано
на 75 (семидесяти пяти) листах.
Нотариус Алкабаева Бижамал Тимировна.
03 сентября 2019 года
75 (жетпіс бес) бетте бауланған,
немірленген және белгіленген.
Нотариус Алкабаева Бижамал Тимировна.
03 қыркүйек 2019 жылы



Н.С.М. ПЕНГЕНІ,
Т.Р.А. ПЕНГЕНІ

2019.09.16

